




Бис(дифенилфосфино)метанды синтездеу



Ауада тұрақты, түссіз ине тәрізді кристалдар. Жоғары температура кезінде еріткіштерде тотығады. Метанолда, диоксанда, ацетонда, эфирде және бензолда жақсы ериді; петролейн эфирінде және суда ерімейді.

Алынуы [36]



200 мл қайнап тұрған құрғақ тетрагидрофуранда қуатты араластыра отырып, 7,8 г (0,2 г-атом) металдық калийді майдалайды. Алынған суспензияға жайлап, 100 мл құрғақ тетрагидрофурандағы 22,0 г (0,1 моль) дифенилхлорфосфинді, реакциялық қоспа қатты қайнап кетпейтіндей етіп қосады. Қайнаған күйінде және араластыра отырып, осы күйінде 40 мин ұстайды. Бөлме температурасына дейін салқындатады, 15 мл құрғақ тетрагидрофурандағы 4,2 г (0,05 моль) хлорлы метиленді, реакциялық қоспа температурасы 40°C жоғары көтерілмейтіндей етіп, қосады. Бөлме температурасында 1 сағат бойы араластырады және су ағыны сорғысының вакуумінде (≈30 мм сын.бағ.) еріткішті толық айдайды. Құрғақ қалдықты 200 мл бензолмен өңдейді, содан соң 100 мл су және тағы 50 мл бензол қосады. Органикалық қабатты бөледі және 40 мл сумен бір рет жуады. Екі сулы қабатты да, бір рет 30 мл бензолмен экстрагирлейді. Біріктірілген органикалық сығындылардан еріткішті айдағаннан соң және қалдықты екі рет қайта кристалдандырудан (этанол) кейін 7,4 г (45,7%) бис(дифенилфосфин)метанды бөліп алады, бал.т. 119,0-120,5°C.